




Жамбыл атындағы орта мекте
Тарих пәнінің мұғалімі:

Джумабеков Данияр
Аманкулович





Үлгеріміз мәмелі оқушыларымыз жумыс нәтижесі



"Егер бала бұзақы болса, онда оған
бала кінәлі емес. Педагогикалық әдістер
кінәлі"


А.С.Макаренко.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Мақсаты:

Үлгерімі төмен оқушылармен жыл бойы жұмыс жүргізе отырып, қабілеті төмен оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік білім стандартын меңгерту.

Міндеттері:

1. Әр сыныптағы үлгерімі төмен оқушыларды анықтау.
 2. Мемлекеттік білім стандартын меңгерте отырып, жыл бойы жұмыс жүргізу арқылы үлгерімін жоғарылату.
 3. Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық – педагогикалық көмек көрсету.
- 

Негізгі принцип:

Нақты баламен жеке сыйластық және сенімді қарым – қатынас орнату.

Болжамдап отырған нәтиже:

Оқу бағдарламасына сай білімді өз дәрежесінде меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыруға мүмкіндігі қалыптасқан тұлға

Психологгар мен педагоггардың зерттеулері бойынша баланың оқуына үш фактор себепші болады екен.

- **Біріншіден, бұған қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады.**
- **Екіншіден, балалардың мінез- құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы.**
- **Үшіншіден, педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауы.**

**«Үлгермеуші балаларды қалай тәрбиелеуге болады?»
деген өзіме қоя отырып мынадай
жұмыс жоспарын жасадым.**

Оқушы үлгермеушілігінің себептері:

-Жекелеген мұғалімдердің сабақтарының жан-жақты ақпаратты болмауы, жаңа материалды тиісінше қызықты өткізе алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, Ата- ананың баланың сабағына қарамауы;

-Үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы;

-Мұғалімдердің өз оқушыларының бойынан тек үздік оқушының психологиясын көріп балалардың жанына терең үңілмеуі тапсырманы орындауда сенімсіздігі дұрыс білмеуі, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмауы;

Тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың сабақтағы нашар тәртібі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі.

Бағалаудағы біржақтылық;

Оқыту мен тәрбие үрдісінде атананың өз міндетіне дұрыс қарамауы және сабақтастықтың болмауы;

Сабақтан жиі қалуы;

Оқушының ауырып қалуы;

2.Ата – анасымен әңгіме.

- Балаңыздың жүріс – тұрысына, оқуына көңіліңіз тола ма?
- Сізді не қиналдырады, сіз оған қалай көмектесесіз?
- Ол үйде не істейді, сізге қалай көмектеседі?
- Сіз қалай көмектесесіз?

Оқушылардың мінез – құлықтары туралы мінездеме

1. Ата –ананың қарым – қатынасы
2. Оқу материалдарын игере алмауы
3. Жазу мәдениетінің қалыптаспағандығы
4. Оқушы дамуының артта қалуы
5. Ерекше тежелуі
6. Нерв жүйесінің бостығы
7. психикалық міндетінің өз бетінші жеткіліксіздігі
8. Оқуға ынтасының нашарлығының себебі
9. Интеллектуалды іс – әрекетінің бұзылуы

Сынып жетекшісімен әңгіме.

- **Бұл оқушының үлгермеуі неден тұрады?**
- **Қандай жұмыс түрін қолданасың? Оның нәтижесі бар ма?**
- **Оқушының үйдегі тәртібі қандай?**
- **Оқушының мектептегі тәртібі қандай?**
- **Қатарға қосылады деп ойлайсың ба?**

Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс

Жұмыс түрлері	Қашан?	Не үшін?	Не жүргізеді?	Қалай?
Сабақ үстіндегі жұмыс	Оқушының даму деңгейінің әрі қарай дамуының жақын аймағын анықтау. Үнемі оқушының пәндерді меңгеруін, нәтижелерін есепке алып отыру, диагностикалау.	Ақыл ой дамуының артта қалмауы үшін, пәнді мезгілінде оқып отыру үшін.	Сыныпта микроклимат жасау. Іс-әрекетті алгоритмдеу. Сабақтан қалуға байланысты білімдегі олқылықтарды болдырмау. Қызығуды арттыру. Оқытудың мотивтерін қалыптастыру.	Бақылау картасы. Жұмысқа жаппай сұрауды қосу. Топтарда жұмыс істеу, дайындық кеңестері, білімді түзету сабақтары, тірек конспекттері, пәндер бойынша жаднамалар, карточкалар
Сабақтан тыс жұмыстар	Қиындықтар туған кезде: 1. жаңа материалды меңгеру кезінде: 2.білімдегі олқылықтарды анықтаған кезде.	1. Үлгермеушілікті болдырмау. 2.білімдегі олқылықтарды жою. 3.Оқу мотивтерін, қызығушылықтарын қалыптастыру.	Нашар үлгермеушілермен жұмыстағы және тұлғалық әдіс.	1. жеке және топтық кеңестер. 2. Үй тапсырмасын орындауға көмектесу. 3. Үйірмелерге қатысу.
Тәрбие жұмысы	Пән мұғалімдерінің бақылауына үнемі сүйене отырып	1. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру. 2. Оқу мотивтерін, қызығуын қалыптастыру.	1. Жеке тұлғалық әдіс. 2. Мәдениетті орта туғызу.	1.Үйірмелерге, жорықтарға, өзін –өзі басқаруға тарту. 2.Сынып сағаттарын өткізу.
Ата – аналармен жұмыс	Үй тапсырмасын орындамағанда, сабақтан қалғанда, т.б. Жұмыс үздіксіз жүреді.	Ата –аналарға педагогикалық көмек көрсету. Үлгермеушіліктің себептерін анықтау	Оқушылардың түрін және үлгермеу себептерін анықтау.	Ата –аналарға талаптарды түсіндіру. Ата – аналарды педагогикалық сауаттандыру. Түзету жұмыстары. Жеке жұмыстар.

Үлгермеушіліктің себептері анықтау.

- 1.Бұл пән оқушыға қиындық туғызады.
- 2.Пән қызықтырмайды.
- 3.Оқушы өін ыңғайсыз сезінеме.
- 4.Оқулықтағы мағлұматты түсінбейді.
- 5.Үй тапсырмасын үнемі орындамайды.
- 6.Картамен неге жұмыс істей алмайды.
- 7.Оқулықпен жұмыс істеуді білмейді.
- 8.Сабаққа зейін қоя алмайды.
- 9.Үйде қадағаланбайды.
- 10.Сабақтан көп қалады.



**Үлгерімі төмен оқушылардың ақыл-ойы жай қалыптасқан,
білім қоры аз.**



**Баладағы жақсы, жағымды қасиеттерді көре біліңіз,
табыстарын дәріптеңіз. Жеке жұмыс жүргізіңіз.**



Топтық жұмысты жиі жүргізіңіз



**Жеңіл әрі қызықты
тапсырма беріңіз**



Үлгермеуші оқушыға көп тапсырма беруден сақтаныңыз.



Ешқашан ондай типтегі балаларға қатты дауыс көтермеңіз



Үлгермеуші оқушыға жағымды көзқарас қалыптастырыңыз, үнемі кішкене ғана жетістігін мадақтап, мақтап отырыңыз, көп көңіл бөліңіз, ешқашан сәтсіздігін бетіне басып кемітпеңіз.





Үлгерімі төмен балаларды болдырмау үшін әсіресе бастауыш сыныптарда ата – анамен және ұстазбен шәкірт арасында тартыс тумауы қажет. "Егер бала бұзақы болса, онда оған бала кінәлі емес. Педагогикалық әдістер кінәлі" деген А.С.Макаренко.

Олай болса мұғалім,

- Біріншіден, терең білімді, жауапкершілікті жете түсінетін, сабағын жан-жақты даярлану арқылы саналы, тиімді қызғылықты етіп өткізсе, оқушылар сабаққа зейін аударады да, басқа нәрсеге көңіл бөлмейді.
- Екіншіден, оқушының әрбір тәртіпсіздігі мен шәлкем-шалыстығының себебін анықтап көз жеткізіп алып барып, шара мен жазаны соған лайықтап қолдану керек.
- Үшіншіден, мұғалім шыншыл, әділетті болуы керек.
- Төртіншіден, ұстаз кекшіл болмай, кеңпейілді, кешірімді, мейірімді, сабырлы, ұстамды болғаны жөн.

Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмысымның мақсаты:

1.Тарих пәні бойынша оқушының білімін дамыту, сабақ үлгерімін жақсарту.

2.Сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, шығармашылықпен ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.

3.Бәсекеге қабілетті білімді де, алғыр тұлға қалыптастыру.